

**"Ұлытау облысы мектепке дейінгі ұйымдарында әлеуметтік осал топтағы отбасылардан шыққан мектеп жасына дейінгі балаларды тамақтандыру шығыстарын өтеу туралы"
Ұлытау облысы әкімдігінің 2023 жылдың 16 қазанындағы № 57/01 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Ұлытау облысы әкімдігінің 2026 жылғы 16 ақпандағы № 15/03 қаулысы

Ұлытау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ұлытау облысы мектепке дейінгі ұйымдарында әлеуметтік осал топтағы отбасылардан шыққан мектеп жасына дейінгі балаларды тамақтандыру шығыстарын өтеу туралы" Ұлытау облысы әкімдігінің 2023 жылдың 16 қазанындағы №57/01 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №60-20 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"3) атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға;"

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ұлытау облысының әкімі

Д. Рыспеков